

ЖОҒАРҒЫ СӨТ

ЕЛ СӨТТАРЫНА ЖАРТЫ ЖЫЛДА
1 МИЛЛИОННАН АСТАМ
ІС ТҮСКЕН



Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында сот төрелігін жүзеге асыру қорытындысы бойынша кеңейтілген кеңес өткізді. Оған Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары Ержан Жиенбаев, Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Дмитрий Малахов, Жоғарғы Сот алқаларының, Сот әкімшілігінің, кассациялық, облыстық және оған теңестірілген соттардың басшылығы, судьялар қатысты.


(Жалғасы 2-бетте)

3-БЕТ



Ерте көрсетілген
көмек қайғылы
жағдайдың
алдын алады

4-БЕТ



«Махди» феноменін
исламның
ажырамас
бөлігі ретінде
қарастыру қате

8-БЕТ



Ұлттық рухтың
бесігі

ҚҰРЫЛТАЙ

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН
ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді. Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады. Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді. Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

МІНБЕР

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ
ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ
ҚҰЗЫРЕТІ КЕҢ

Адам құқықтары жөніндегі комиссияның құқықтық дамудағы орны бөлек. Осы құрылымның жаңа төрағасы Жақып Асановтың жетекшілігімен жақында комиссияның алғашқы отырысы өтті.



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге жәрдемдесетін консультативтік-кеңесші орган. ҚР Президентінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі Жарлығымен құрылған бұл құрылымның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында адам құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге, ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге және азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуына ықпал етуге бағытталған.

2024 және 2026 жылдары Комиссияның қызметін жетілдіруге және құрамын жаңартуға бағытталған өзгерістер енгізілді. Соңғы өзгерістерге сәйкес комиссияның төрағасы болып мемлекет және қоғам қайраткері, заңгер

Жақып Асанов тағайындалғаны белгілі. Комиссия құрамына белгілі заңгерлер, адвокаттар, ғалымдар, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтық қоғамның өкілдері енгізілген. Комиссия мүшелері өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады.

Комиссияның құзыреті кең. Ол алдымен Мемлекет басшысына және тікелей комиссияға жолданған Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ ұйымдардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы өтініштерін қарайды. Бұдан бөлек комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, өзге де ұйымдардың және азаматтардың ұсыныстарын қарайды.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖОҒАРҒЫ СОТ



ЕЛ СОТТАРЫНА ЖАРТЫ
ЖЫЛДА 1 МИЛЛИОННАН
АСТАМ ІС ТҮСКЕН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кеңесте Жоғарғы Сот алқаларының төрағалары Нұрсерік Шәріпов, Назгүл Рахметуллина, Аслан Түкиев, Сот әкімшілігінің басшысы Наиль Ахметзакиров баяндама жасады.

Е. Жиенбаев өз сөзінде қолданыстағы жаңа Конституция шеңберінде іске асырылатын заңнамалық өзгерістердің негізгі бағыттарына тоқталса, А.Мерғалиев сот тәуелсіздігін, азаматтар құқығын қорғау кепілдіктерін едәуір нығайтқан және сот жүйесін, оның ішінде әкімшілік әділетті одан әрі жаңғырту үшін негіз болып отырған әрі іске асырылып жатқан конституциялық қайта құрулардың маңыздылығын атап өтті. Сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету және болжамды сот төрелігін қалыптастыру жөніндегі Жоғарғы Соттың жұмысы туралы айта келе төраға 2025 жылғы 1 шілдеден бастап 21 нормативтік қаулының жаңартылғанын, соттарға әдіснамалық қолдау туғызылып жатқанын жеткізді.

Өтініштердің көбеюі жаңа кассациялық сатыға сұранысты білдіреді. Атап айтқанда, Жоғарғы Сотқа 2025 жылдың 1-жартыжылдығында 9,7 мың өтініш түссе, кассациялық соттарға 2025 жылдың 2-жартыжылдығында түскен өтініштердің саны 16,2 мың болды, ал 2026 жылдың 1-жартыжылдығында 11,6 мыңға жетті. Осы ретте шағымдардың төрттен бірі кері қайтарылды яғни қысқарды (6,7 мыңнан 5 мыңға дейін).

Ағымдағы жылдың 1 жартыжылдығында ел соттарына 1 миллионнан астам іс пен мате-

риал түсті (2025 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 13,7%-ға артық). Азаматтық соттағы істер 73%-ға көп. Істердің жартысына жуығы медиациялық жолмен (47,6%) тараптардың татуласуымен аяқталды. Бұл татуластыру тетіктерінің тиімділігін білдіреді.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде соттарға түскен істер саны 1,9%-ға кеміп, сотталғандар саны 3,1%-ға азайды. Бұл қылмыстың 13,3%-ға төмендеуімен байланысты. Қылмыстық кодекске түзетулер енгізілгеннен кейін алқабилер қараған істердің саны екі есе қысқарды (130-дан 68-ге дейін).

Сонымен қатар, айыппұлдар мен қоғамдық жұмыстар түріндегі жазалар жиі қолданыла бастады – 22,9% (2025 жылы 21,8%). Қамауда ұстауға санкция беру туралы өтінішхаттарды қанағаттандыру деңгейі төмендеді. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыруды қолдану практикасына қатысты формальды тәсілді алып тастау қажеттілігіне назар аударылды. Қылмыстық рақымшылық 15 мың адамға қолданылып, ал әкімшілік рақымшылық бойынша айыппұл көлемі 1 миллионға жуық болмақ.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер 6,2%-ға қысқарды. Бұл құқық бұзушылықтар құрамының бір бөлігін қылмыстан арылтумен және Жоғарғы Соттың бастамасы бойынша ЖКҚ бұзушылықтар туралы істер бойынша Еурохаттаманы белсенді қолданумен байланысты.

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

ПАЙЫМ

КОНСТИТУЦИЯ –
САЯСИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ


Ата Заң – әр мемлекеттің басты бағдары, әр азаматтың заңдық қорғаны. Сондықтан болар Конституциядағы әрбір өзгеріске қоғам үлкен қызығушылықпен қарайды. Мұндай ынтаны 2026 жылдың 15 наурызында халық жоғары жауаптылықпен талқылап, бір ауыздан дауыс берген жаңа Конституциядан да байқауға болады.

Жаңа Конституция – елдегі саяси жаңғырудың бастауы. Дәл осы құжатты қабылдауда біз елдің бірлігіне ғана емес, жаңашылдыққа, заманауи өзгерістерге деген қызығушылығына куә болдық. Ата Заңның жобасына қатысты жұмыс тобына халықтан мыңнан астам ұсыныс-пікірдің түсуі қоғамның құқықтық сауатының ғана емес, азаматтық белсенділігінің де өскенін дәлелдеп берген еді. Ең бастысы бұл азаматтардың мемлекеттің ертеңіне, ұрпағының келешегіне бей-жай қарамайтын сергектігін аңғартқандай.

Міне, осы көпшіліктің қалауымен қабылданған Ата Заңымыз 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енді. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы халықтың құқықтарын кеңейтіп, әділеттілікті нығайтып, билік институттарының тиімділігін арттырды. Мұндағы оң өзгерістер аз емес. Соның ішінде неке және отбасы, ана, әке мен бала мемлекеттің қорғауында екені тайға таңба салғандай дәйектелген.

Миранда ережесінің енгізілуі де азаматтардың құқығын сапалы қорғаудың кепілі. Себебі дәл осы ереже әлемнің көптеген өркениетті елдерінде бұрыннан басты өлшемге айналған. Конституция кепілдік берген ережеге сай полиция қызметкерлері күдікті азаматты қамауға алмастан бұрын оған өз құқығын түсіндіруге міндетті және ол кісіге ақпараттың дұрыс жетуін жіті қадағалауы қажет. Яғни, ұсталған

адамға құқық қорғау органының өкілі ауызша Қылмыстық кодекстің қай бап, қай тармағын бұзғаны туралы айтуға; қорғаушы-адвокатын шақыруға құқылы екенін ескертуге; дәл осы сәтте үнсіздікті сақтау алатынын қаперге салып, айтқан сөз-



дері сотта өзіне қарсы қолданылуы мүмкін екенін ескертуге міндетті. Қазақстанда бұл ереже 2015 жылдан бері жұмыс істейді. Ал бірегей ереженің Конституциялық тұрғыдан бекітілуі азаматтар құқығын заңсыз бұзуға тосқауыл қойып, құзырлы органдар қызметкерлерінің жауаптылығын көтеруге ықпал етері анық.

Міне, қазір еліміз жаңа саяси реформа алдында тұр. Бүгінде қос палаталы Парламент өз миссиясын аяқтап, орнына 145 депутаттан тұратын Құрылтайды сапалы қалыптастыруға қадам жасалуда.

Бәсекеге түскен партиялардың қайсысы қоғамға адал, сауатты қызмет ететінін анықтап дауыс беру – қарапайым халықтың қолында.

Бұдан бөлек, Вице-Президент лауазымының енгізілуі, Халық кеңесінің құрылуы билік пен аза-

маттар арасын жалғауға жол ашатын маңызды жаңашылдықтар екені даусыз. Қазір Конституцияның жаңа баптары, өзгерістері мен өзекті тетіктері халық арасында кең насихатталып жатыр. Мұндай ақпараттық, насихат жұмыстары керек. Себебі азаматтар заңды жетік біліп, құқықтық сауатын арттырған сайын елде де заң мен тәртіп орныға түседі.

Г.КУДЕРБАЕВА,
Шығыс Қазақстан облысы
Самар аудандық сотының
төрағасы

МІНБЕР

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ
КОМИССИЯНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ КЕҢ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Комиссия адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау тетігін жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізеді, адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдардың, басқа да үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының жұмысына қатысады.

Қазақстанда соңғы жылдары адам құқықтарын қорғау жүйесін жаңғырту бағытында ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. Конституциялық Соттың құрылуы, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының конституциялық мәртебеге



ие болуы, азаптаулардың алдын алу, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылды күшейту, балалардың құқықтарын қорғау, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету бағытындағы заңнамалық өзгерістерді азаматтар да жылы қабылдады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жолдауларында және Ұлттық құрылтай отырыстарында «Заң және Тәртіп» қағидатын орнықтыру, әділетті қоғам қалыптастыру

және адам құқықтарын қорғау мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала беретінін бірнеше рет атап өтті. Осы бағыттағы реформаларды іске асыру барысында Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия маңызды сараптамалық және консультативтік алаң ретінде өз рөлін атқарып келеді.

2026 жылдың 15 наурызында қабылданған Конституцияда құқық үстемдігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік билік органдарының ашықтығы мен есептілігін арттыруға, азаматтардың мемлекеттік басқару ісіне қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге және адам құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін жетілдіруге

бағытталған жаңа конституциялық қағидаттар бекітілді.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның қызметі ерекше маңызға ие. Комиссия Конституцияда бекітілген адам құқықтары мен бостандықтарының толыққанды іске асырылуына жәрдемдесіп, адам құқықтары саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге, ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға одан әрі жақындатуға, мемлекет-

тік органдардың құқық қорғау қызметіне талдау жүргізуге және адам құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған ұсынымдар әзірлеуге белсенді қатысады.

Осылайша, жаңа Конституцияда айқындалған құқықтық қағидаттарды тиімді іске асыру және адамның құқықтары мен бостандықтарын нақты қамтамасыз ету Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия қызметінің негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның қызметі елімізде заң үстемдігін қамтама-

сыз етуге, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыруға және «Әділетті Қазақстан» қағидаттарын іске асыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Д.ӘМІР
Судьялар одағының төрағасы,
Қазақстан Республикасы
Президенті жанындағы
Адам құқықтары жөніндегі
комиссия мүшесі

БАҒДАР

«Адам өзгерді ме, заман өзгерді ме?» деген сұрақтар бүгінгі қоғамда жиі алдымыздан шығады. Бұл сұраққа әркім әрқалай жауап береді. Дегенмен, уақыт өткен сайын, бүгінгі заманның ырғағы ма, әлде басқа ма, әйтеуір адамдар тіпті шыдамсыз, қызба, ашушаң болып барады. Мәдениет, әдеп деген екінші орынға өткен секілді. Әрине, бұл күнделікті өмірде қалыпты жағдай саналғанымен, мемлекеттік қызметкерлерге қойылар талап та, бақылау да жоғары. Қаншама жұмысы үстірт, жүктөмесі көп болса да мемлекеттік қызметшілер моральдық-әдептілік нормаларын қатаң сақтап, көңіл-күйдің жетегінде кетпеуі керек. Себебі мемлекеттік қызметке тұрғаннан кейін әрбір қызметкер өз міндетін сапалы атқарып, айналасына жоғары мәдениеттің, әдептілік пен жауаптылықтың үлгісін көрсетуі керек.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР
ӘДЕПТІЛІК ҮЛГІСІ БОЛУЫ КЕРЕК

Сонымен бірге әрбір мемлекеттік қызметші Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Қызметтен тыс кездерінде де жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуі тиіс. Олар өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, жеке тұлғаның ар-намысы мен абыройына құрметпен қараудың үлгісі болуға міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің жүріп-тұруы, сыпайы сөйлеуі, тіпті киім киюі де сырттан келген қарапайым халықтың

көңілінен шығуы қажет. Халық оларға қарап бой түзесе нұр үстіне нұр болары хақ. Қалалық жолаушылар тасымалдау автобустарында айғай-шу көбейіп кеткенін әлеуметтік желілерден күнде көріп отырмыз. Жастар қарияларға дөрекі сөйлеп, жұдырық ала жүгіретіндерін байқап жүрміз. Ерікті түрде қаламызда әдеп курстары ашылса деген ұсыныстарды естиміз. Бұл да қажетті шаралардың бірі.

Қазіргі таңда, мемлекеттік қызметшінің іс-әрекетіне қоғамдық бақылау күшейіп отырғанын айта кетсек артық болмас. Бүгінде әлеуметтік желілер қарапайым халық өз пікірін ашық айта алатын бірден-бір құрал болып тұр. Демек, әлеуметтік желілер арқылы қоғамның өзекті мәселелерін, мемлекеттік қызметшінің тарапынан қандай ерсі қылықтар орын алып жатқанын алақандағыдай көріп отыруға болады. Өз кезегінде, әрбір мемлекеттік мекемелер, басқармалар әлеуметтік желілерде ресми парақшалар ашып, азаматтардың өтініштеріне жедел жауап берілуіне ықпал жасап отыр. Бұл, әрине құптарлық іс деп ойлаймыз.

Н.ЕРКІНБЕКОВ,
Түркістан қаласы
мамандандырылған ауданаралық
тергеу соты әкімшісінің бас маманы
– сот отырысының хатшысы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Соңғы жылдары балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлық қоғамды алаңдатып отырған өзекті мәселелердің біріне айналды. Осы тақырып аясында педагог-психолог, «Az-UIA (Әз-Ұя)» қоғамдық бірлестігінің директоры Боранбек Алтынбек Срайылұлымен сұхбаттасқан едік.

– **Отбасындағы қарым-қатынастың баланың психикалық денсаулығына әсері қандай?**

– Баланың психологиялық қалыптасуы дүниеге келгеннен кейін емес, ана құрсағындағы кезеңнен басталады. Жүктілік кезіндегі ананың эмоционалдық жағдайы, көңіл-күйі, ойы мен өмір салты баланың жүйке жүйесінің дамуына әсер етеді. Ал дүниеге келгеннен кейін ата-анамен қалыптасқан эмоционалдық байланыс оның тұлға ретінде қалыптасуының берік іргетасын қалайды.

Баланың алғашқы үш жылы ерекше маңызды кезең саналады. Дәл осы уақытта ол өзін қауіпсіз сезінуді, айналасындағы адамдарға сенуді, эмоцияларын білдіруді және қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатуды үйренеді. Егер бала осы кезеңде махаббатты, қамқорлықты және қолдауды сезінсе, оның психологиялық тұрақтылығы да берік қалыптасады. Өкінішке қарай, кейбір ата-аналар баланың қорқынышын, ренішін немесе ашуын елемей, «жилама», «еркелеме», «үндеме» деп оның сезімін жоққа шығарып жатады. Мұндай жағдайда бала өз эмоциясын ішіне жинап үйренеді. Уақыт өте келе бұл оның тұйықталуына, мазасыздыққа немесе өзіне деген сенімсіздікке әкелуі мүмкін. Сондықтан балаға ең алдымен өзін қауіпсіз сезінетін отбасы қажет. Отбасындағы өзара сыйластық, ата-ана-

ның бір-бірімен мәдениетті қарым-қатынасы, баланы тыңдай білуі және пікірін құрметтеуі оның психикалық саулығына тікелей әсер етеді.

– **Балалардың психологиялық жағдайына қандай факторлар ең көп әсерін тигізеді?**

– Бір ғана себепті бөліп айту қиын. Себебі әр баланың мінезі, өмірлік тәжірибесі және өскен ортасы әртүрлі. Бір бала үшін ата-анасының ажырасуы немесе үйдегі жанжал ауыр соққы болса, екінші бала үшін мектептегі буллинг немесе құрдастарының қысымы үлкен психологиялық жарақат болуы мүмкін.


Соңғы жылдары әлеуметтік желінің де ықпалы күшейді. Балалар өздерін өзгелермен жиі салыстырады, лайк санына, пікірлерге тәуелді бола бастайды. Кейбір жағдайда интернеттегі келемеждеу немесе кибербуллинг олардың өзін-өзі бағалауына қатты әсер етеді. Дегенмен негізгі мәселе әлеуметтік желінің өзінде емес, баланың ішкі психологиялық тірегінің қаншалықты қалыптасқанында. Ішкі сенімі мықты, өзін бағалай білетін, отбасынан қолдау көрген бала сыртқы қысымдарға әлдеқайда төзімді келеді.

– **Баланың суицидтік ойға немесе ауыр психологиялық күйзеліске түскенін ата-ана қандай белгілер арқылы ерте байқай алады?**

– Көп жағдайда балалар көмек сұрай алмайды. Олар өз мәселесін сөз-

Алтынбек БОРАНБЕК,
«Az-UIA» қоғамдық бірлестігінің директоры:

«ЕРТЕ КӨРСЕТІЛГЕН КӨМЕК ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙДЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ»



бен жеткізудің орнына мінез-құлқымен көрсетеді. Сондықтан ата-аналар кез келген өзгеріске мұқият қарауы керек. Мысалы, бұрын ашық-жарқын жүрген баланың кенеттен тұйықталып кетуі, ешкіммен араласпауы, сүйікті ісіне қызықпауы, сабақ үлгерімінің төмендеуі, ұйқы мен тәбетінің өзгеруі, себепсіз жылауы немесе ашулануы алаңдата-тын белгілердің бірі болуы мүмкін. Кейбір балалар «мен ешкімге керек емеспін», «бәрі бітсе екен», «шаршадым» деген сөздерді жиі айта бастайды. Мұндай сөздерді жай ғана эмоция деп қабылдауға болмайды. Сонымен қатар өзінің сүйікті заттарын таратуы, қоштасқандай әрекет етуі немесе өлім тақырыбына ерекше қызығушылық та-

нытуы да қауіптің белгісі болуы мүмкін. Осындай жағдайда ата-ана баланы кінәламай, сөкпей, оның жан дүниесін түсінуге тырысуы қажет. Ең алдымен баланы тыңдап, оның сезімін қабылдап, өзін жалғыз емес екенін сезіндіру маңызды. Егер баланың жағдайы ұзақ уақыт бойы жақсармаса немесе қауіп белгілері күшейсе, міндетті түрде психологтың немесе психотерапевттің көмегіне жүгінген жөн.

– **Балалар мен жасөспірімдерге психологиялық көмек көрсету жүйесінде қандай мәселелер бар деп есептейсіз?**

– Бұл бағытта әлі де шешімін күткен мәселелер аз емес. Ең алдымен

балалармен жұмыс істейтін мамандардың кәсіби даярлығына ерекше назар аудару қажет. Балалар психологиясы ересектер психологиясынан мүлде бөлек сала. Сондықтан мұндай мамандардың теориялық біліммен қатар, тәжірибесі мол болып, тұрақты түрде біліктілігін арттырып, супервизиядан өтіп отыруы маңызды. Екінші мәселе – өңірлердегі білікті психологтардың тапшылығы. Кейбір ауылдарда балалар психологы мүлде жоқ, ал бар мамандардың жүктемесі өте жоғары. Соның салдарынан әр балаға жеке уақыт бөлу қиындайды. Үшінші мәселе – қоғамдағы психологиялық мәдениеттің жеткілікті деңгейде қалыптаспауы. Кейбір ата-аналар әлі күнге дейін психологқа жүгінуді ұят немесе әлсіздік деп қабылдайды. Соның салдарынан көптеген балалар дер кезінде көмек алмайды. Жалпы, балалардың психикалық саулығын сақтау тек психологтардың ғана емес, ата-ананың, мектептің, мемлекеттік мекемелердің және тұтас қоғамның ортақ міндеті. Баланың пікірін тыңдайтын, сезімін құрметтейтін, қауіпсіз әрі сенімді орта қалыптастыра алған жағдайда ғана балалар мен жасөспірімдер арасындағы психологиялық мәселелердің, соның ішінде суицидтік мінез-құлықтың алдын алу жұмыстары нәтижелі болады.

– **Мазмұнды әңгімеңізге рақмет!**

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БЕЗБЕН

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ТАРАТУШЫЛАР НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

Соңғы уақытта жалған ақпарат таратты деген негізбен жауаптылыққа тартылып жатқандар саны артты. Олардың арасында ақпарат майданының ортасында жүрген көңігі журналистердің бары да ойландырмай қоймайды. Бұл ненің белгісі?

Жалпы жалған ақпарат таратудың себебі әртүрлі. Оның біріншісі – танымал болуға, ел аузында жүруге қызығушылық. «Жұлдыз» болуға ұмтылғандар өзі шала естіген, ақиқатын анықтап, тексермеген ақпаратты сүзгіден өткізбестен аудиторияға ұсына салуға бейім. Бұл, әрине, құқықтық сауаттың төмендігі мен өзге деген жауаптылықтың аздығын көрсететін жағдай. Мұндай азаматтар жалған ақпараттың жанды жасытығын, беделге нұқсан келтіретінін, жылдар бойы жинаған іскерлік беделді айтарлықтай төмендететінін түсінбейді.

Сондай-ақ, жалған ақпаратты өз аудиториясын кеңейту, жазылушылар санын арттыру, сол арқылы табыс табу үшін тарататындар да кездеседі. Әлеуметтік желідегі ақпараттарды теңгеге айналдыруды ойлағандардың танымына әдеп пен мораль ұғымы алыс. Мұндай жандар жалған ақпарат таратқаны үшін жауаптылыққа тартылғанда ғана қателігін түсінетін болады.

Жалған ақпаратты кейбір мүдделі топтардың

Жалған ақпаратқа бей-жай қарауға болмайды. Мұндай әрекет жасағандарға жазаны қатайтылып жатқаны да сондықтан. Әсіресе, ақпарат басты қаруы саналатын бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне жалған сөйлеп, жаңылысу кәсіби тұрғыдан кешірілмес қателік. Соның ішінде елге есімі белгілі журналистердің жалған ақпарат үшін көпшілік алдында айыпталып, жария түрде кешірім сұрап, жауаптылыққа тартылуы төртінші биліктің беделіне нұқсан келтіретінін қиытпаған жөн.

әдейі тарататын кездері де кездеседі. Олардың жымысқы мақсаты да белгілі. Бірі өзінің бәсекелестері туралы сыни көзқарас орнықтыру үшін осындай лас әрекетке барса, екіншілері өздері туралы жағымды пікір қалыптастыру үшін түрлі негізсіз ақпараттарды қоғам назарына шығарады.

Жалған ақпаратқа бей-жай қарауға болмайды. Мұндай әрекет жасағандарға жазаны қатайтылып жатқаны да сондықтан. Әсіресе, ақпарат басты қаруы саналатын бұқаралық ақпарат

құралдары өкілдеріне жалған сөйлеп, жаңылысу кәсіби тұрғыдан кешірілмес қателік. Соның ішінде елге есімі белгілі журналистердің жалған ақпарат үшін көпшілік алдында айыпталып, жария түрде кешірім сұрап, жауаптылыққа тартылуы төртінші биліктің беделіне нұқсан келтіретінін ұмытпаған жөн. Әрбір журналист өз атына кір келтірмес үшін, әрі ақпарат құралдарына деген теріс пікірдің орнығуына түрткі болмас үшін кез келген күмәнді мәліметті ресми мемлекеттік органдар немесе сенімді дерек көздері арқылы тексеріп алуы керек. Оны әдейі таратқаны немесе жалған екенін біле тұра репост жасағаны үшін заң бойынша қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік қастырылған.

Айталық Қылмыстық кодекстің 274-бабы 1-бөлігіне сай қоғамдық тәртіпті бұзу азаматтардың не ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру қаупін төндіретін көрінеу жалған ақпарат таратқандарға бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынуы не сол мөлшерде түзеу жұмысы не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тарту не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылуы мүмкін. Ал жалған ақпаратты адамдар тобы алдын ала сөз байласу арқылы, өз қызмет бабын пайдалана отырып немесе масс-медианы, телекоммуникация желілерін және онлайн-платформаларды пайдалана отырып жасаса айыппұл көлемі үш мың айлық есептік көрсеткішке дейін өсіп, үш жылға дейін бостандығынан айыру жазасы белгіленуі мүмкін. Жалған ақпараттың келтіретін залалына, тигізетін зардаптарына қарай жауаптылық да жоғарылай береді.

Айталық жақында ғана әлеуметтік желілерде тараған «Алматыны су басуы мүмкін» деген негізсіз ақпарат көпшілікті алаңдатқаны рас. Арнадан аққан судың видеоарын бөліскен жұртшылықтың әр сағат сайын жасалған жұмыстар жөнінде есеп берген құзырлы органдардың ақпаратына да көңіл бөле қоймайтыны өкінішті. Сондықтан әлі де болса жалған ақпарат таратудың жауаптылығын халыққа түсіндіріп, елді негізсіз дүрбелеңге салу құқыққа қайшы екенін санаға сіңіру маңызды.


Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

КЕСЕЛ

Ойынға құмарлық, лудомания отбасылық құндылықты әлсіретіп, ажырасудың көбеюіне түрткі болып отырған кеселдің бірі. Қазақстанда ажырасу көрсеткіші кемімей келеді. Некенің бұзылуына түрткі болып отырған кеселдің үлкені де осы ойынқұмарлық.

Ресми статистикалық деректер растағандай еліміздегі ерлі-зайыптылардың 40 пайызы осы лудоманияның кесірінен екі жаққа кетуде. Бұл ішімдікке тәуелділіктен кейін ең жиі кездесетін себеп саналады. Араққа, нашаға тәуелділіктен емдеудің тәртібі мен механизмі әлдеқашан жасалған. Мұндай азаматтар сауықтыру орталықтарында қажетті ем алғаннан кейін қалыпты өмірге оралып, отбасын сақтап жатады. Ал құмар ойынға берілгендерге қателігін ұқтырып, қоғамнан өз орнын табуына көмектесу өте қиын.

Бұл мәселені шешу мақсатында ел Үкіметі тарапынан да аз жұмыс жасалып жатқан жоқ. Айталық Үкімет құмар ойындарға тәуелділікпен күресу үшін букмекерлерге, ставка



тігіп ойнайтын арнайы сайттарға және онлайн казиноларға жарнама беруге тыйым салуды қолға алды. Сонымен қатар құмар ойынмен ойнау жасы жоғарылап, 25 жасқа дейінгілердің теріс әдетке үйір болуына заңмен тоқтам салынды. Сондай-ақ, енді борышкер ретінде, алимент төлемеген азамат ретінде және банк несиелерінің мерзімі өткен тұлға ретінде бірыңғай тізілімде тұрғандардың құмар ойынмен ойнауына тыйым салынған.

Мұндай пәрменді шаралардың қолға алынуы тегін емес. Себебі лудоманияның әсері де, салдары да ауқымды. Құмар ойынға тәуелділік азаматтардың жүйке жүйесін бұзады. Әлеуметтік жақтан залалы да айқын. Айталық тапқанын құмар ойынға салғандар толық деградацияға ұшырап, ауыр психологиялық соққыны бастан кешіреді. Санасында осындай тәуелділік орныққан жандардың материалдық байлығынан айырылып, қаржылық қиындыққа тап болары талассыз. Ал қаржысын отбасына емес, ойынға құртқан адамның жанұясында береке болмайтыны тағы белгілі. Осылайша күнделікті

ОЙЫНҚҰМАРЛЫҚ – ОТБАСЫ ТЫНЫШТЫҒЫНА ҚАТЕР

жанжал мен материалдық жетіспеушіліктің соңы шаңырақтың шайқалуына түрткі болып жатады. Өзінің бірте-бірте былыққа батып, отбасынан ажырап, жақындарынан алыстағанын сезген ойынқұмарлардың өмірден түңіліп, өзіне-өзі қол жұмсауға бейім тұратыны да қалыпты жағдай.

Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының мәліметіне қарағанда Қазақстанда шамамен 440 000 адам құмар ойындарға тәуелділіктен зардап шегеді. Бұл, әрине, ресми статистика. Халықтың үш пайызының құмар ойындарға тәуелділіктен зардап шегетіні де жаныңды жаралайтын көрсеткіш. Сондықтан ойынға құмартуға бей-жай қарауға болмайды. Мәселен, көпшілік көп жиналатын орындарда ойыншық, әшекей, телефон аксессуарларын темір ілгішпен тартып алуға көмектесетін әйнек қораптардың тұратыны белгілі. Осы шыны қораптардың жанынан баладан бастап, үлкендерге дейін үйіріліп шықпайды. 200-500 теңгеге бір мүмкіндік берілетін бұл ойындарға қызығып қалтасындағы теңгесі таусылғанша өз бағын сынап тұратындар жеткілікті. Міне, ойынқұмарлықтың, тәуекелге бас тігудің алғашқы қадамдары осындай елеусіз дүниелерден басталады.

«Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» Бас директорының стратегиялық даму жөніндегі орынбасары Дәулет Байпейісовтің айтуынша, «Қазақстан бойынша ойынға тәуелді 12 наукас динамикалық бақылауда. Өткен жылы 11 наукас болса, 2022 жылы 10 наукас ем алған. Аймақтық психикалық денсаулық орталықтары жыл сайын 20-30 науқасқа медициналық, психологиялық көмек береді. Стационарлық емдеудің уақыты науқастың жағдайына қарай 22-ден 31 күнге дейінгі аралықты құрайды. Жалпы адамды қоғамға толықтай қайта бейімдеу үшін тоғыз ай қажет».

Бұл аз уақыт емес. Дегенмен, соншама емдом алғаннан кейін де баяғы сұрлеуіне қайта түсетіндер баршылық. Жағдай ушықпасын десек, әрқайсысымыз жақындарымыздың немен айналысып, кімдермен араласып жүргеніне мән беруіміз керек. Ойынға құмарлықты ерте бастан анықтаған жағдайда жақынымызды теріс әрекеттен сақтауымыз жеңіл болады.

Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

Досай КЕНЖЕТАЙ,
дінтанушы-ғалым

СҮХБАТ

Күнтізбедегі әрбір күннің өзіндік тарихы бар. Алайда олардың ішінде мемлекет пен қоғам үшін айрықша мәнге ие, халықтың тарихи жадын жаңғыртып, ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын ерекше даталар бар. Олар – қоғамдық маңызы бар, мерекелік және мерейтойлық күндер.

Бұл күндер елдің өткені мен бүгінін байланыстырып қана қоймай, азаматтардың бойында отансүйгіштік қасиетті, тарихи сананы, азаматтық жауапкершілікті және рухани құндылықтарды қалыптастыруға қызмет етеді. Қазіргі таңда қоғамдық маңызы бар күндердің маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Әр халық өзінің мәдениетін, тарихын және ұлттық болмысын сақтауға ұмтылады. Осы тұрғыдан алғанда мерекелік және мерейтойлық күндер қоғамды біріктіретін, тарихи сабақтастықты жалғастыратын маңызды құралға айналып отыр. Олар адамдарды тек мерекелік көңіл-күйге белеп қоймай, өткенді саралауға, бүгінгі жетістіктерді бағалауға және болашаққа жауапкершілікпен қарауға жетелейді. Мерекелік күндердің мәні мен маңызын тағылымдық тұрғыдан саралауды тарих ғылымдарының кандидаты, академия доценті Күлдібаев Естай Қағазұлынан өтінген едік.

– *Естай Қағазұлы, Қазақстан күнтізбесіндегі мерекелік және мерейтойлық күндердің қоғам өміріндегі рөлі қандай?*

– Қоғамдық маңызы бар күндер – кез келген мемлекеттің тарихи жадын сақтайтын маңызды институттардың бірі. Олар халықтың басынан өткен тарихи кезеңдерді ұмыттырмайды, ұлттың қалыптасу жолын дәріптейді. Әрбір атаулы күннің астарында белгілі бір тарихи оқиға, әлеуметтік маңызы бар мәселе немесе елдің дамуына үлес қосқан тұлғалардың еңбегі жатыр. Сондықтан мұндай күндер тек мерекелеу үшін емес, қоғамды тәрбиелеу үшін қажет.

– *Кейбір адамдар мереке-лерді тек демалыс күні ретінде қабылдайды. Сіздің ойыңызша, олардың шынайы мәні қандай?*

– Бұл түсінік дұрыс емес. Мерекенің басты мақсаты – демалыс беру емес, тарихи сананы қалыптастыру. Мысалы, Наурыз мейрамы халқымыздың бірлігі мен татулығын дәріптесе, Республика күні еліміздің егемендік жолындағы алғашқы тарихи қадамын еске салады. Тәуелсіздік күні – азаттықтың бағасын ұғындыратын күн. Конституция күні заңның үстемдігін, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін насихаттайды. Ал Жеңіс күні бейбіт өмірдің оңайлықпен келмегенін еске түсіріп, батырларымыздың ерлігіне тағзым етуге үндейді. Сондықтан әрбір

Естай КҮЛДІБАЕВ, тарих ғылымдарының кандидаты:

МЕРЕКЕЛІК КҮНДЕР – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰЛЫҚТАУДЫҢ МҮМКІНДІГІ

мерекенің тәрбиелік, тарихи және рухани мәні бар.

– *Мұндай күндердің жастар тәрбиесіне ықпалы қандай?*

– Жастардың бойында отансүйгіштік қасиет бір күнде қалыптаспайды. Ол тарихты тану, ұлттық құндылықтарды құрметтеу, елдің өткені мен бүгінін білу арқылы қалыптасады. Қоғамдық маңызы бар күндер осы бағыттағы тәрбиенің маңызды бөлігі. Егер жас буын әр мерекенің шығу тарихын, оның мәнін түсінсе, онда өз еліне деген құрметі де арта түседі.

Расында да, атаулы күндердің тәрбиелік маңызы өте жоғары. Олар халықтың тарихи жадын жаңғыртып қана қоймай, қоғамдағы өзекті мәселелерге назар аударуға мүмкіндік береді. Бұл күндері еліміздің барлық өңірінде мәдени-көпшілік іс-шаралар, ғылыми конференциялар, көрмелер, патриоттық акциялар, қайырымдылық шаралары, спорттық жарыстар және танымдық кездесулер ұйымдастырылады. Мұндай бастамалар азаматтардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына ықпал етеді. Қазақстанда мемле-

кеттік мерекелердің әрқайсысының өзіндік орны бар. Наурыз мейрамы – көктемнің келуін ғана емес, жаңару мен мейірімділік, бірлікті дәріптейтін ұлы мереке. 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні еліміздегі түрлі этностардың достығы мен өзара сыйластығының символына айналған. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Жеңіс күні ел қорғаған батырлардың ерлігіне құрмет көрсетіп, бейбіт өмірдің қадірін ұғындырады. Ал 6 шілде – Астана күні тәуелсіз Қазақстанның жаңа дәуірінің символы болған елорданың қалыптасу жолын көрсетеді. 25 қазан – Республика күні тарихи әділдігін тапқан ұлттық мереке ретінде мемлекетіміздің егемендікке бастаған жолын айшықтайды. Ал 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні – халқымыздың азаттық жолындағы ғасырлар бойғы арманын жүзеге асырған ең қастерлі мереке.

Қоғамдық маңызы бар күндердің қатарында халықаралық деңгейде аталып өтетін даталардың да орны ерекше. 1 наурыз – Алғыс айту күні қоғамдағы өзара құрмет пен ризашылық мәдениетін

Қоғамдық маңызы бар, мерекелік және мерейтойлық күндер – халықтың тарихи жадының, ұлттық бірегейлігінің және рухани тұтастығының көрінісі. Олар өткен мен бүгінді байланыстырып, елдің болашағына деген сенімді нығайтады. Сондықтан мұндай күндерді лайықты деңгейде атап өту ғана емес, олардың мәнін қоғамға кеңінен түсіндіру, әсіресе жас ұрпақтың санасына сіңіру – баршамызға ортақ міндет.

калыптастырады. 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні балалардың құқықтарын қорғаудың маңызын еске салады. 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні отбасы институтының қоғамдағы рөлін дәріптейді. 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні табиғатты аялауға үн-десе, 1 қазан – Халықаралық қарттар күні үлкенге құрмет көрсетудің маңызын айқындайды.

Мерейтойлық күндердің де қоғам үшін маңызы зор. Ұлы тұлғалардың туғанына арналған мерейтойлар, тарихи оқиғалардың даталары мен белгілі мәдениет,

ғылым және білім ошақтарының мерейтойлары ұлттық тарихты жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді. Мұндай күндерде ғылыми еңбектер жарық көріп, халықаралық конференциялар өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылады. Бұл ұлттық сананың жаңғыруына және тарихи мұраны дәріптеуге ықпал етеді. Бүгінгідей әлеуметтік желілердің ықпалы күшейген заманда кейде мерекелердің мәні тек құттықтау жариялаумен шектеліп жататыны жасырын емес.

Алайда қоғамдық маңызы бар күндердің басты міндеті – ақпарат тарату емес, қоғамды тәрбиелеу. Егер әр азамат атаулы күндердің мазмұнын түсініп, оның идеяларын күнделікті өмірінде жүзеге асыра білсе, онда мұндай мерекелердің тәрбиелік әсері әлдеқайда жоғары болмақ. Қоғамдық маңызы бар,

мерекелік және мерейтойлық күндер – халықтың тарихи жадының, ұлттық бірегейлігінің және рухани тұтастығының көрінісі. Олар өткен мен бүгінді байланыстырып, елдің болашағына деген сенімді нығайтады. Сондықтан мұндай күндерді лайықты деңгейде атап өту ғана емес, олардың мәнін қоғамға кеңінен түсіндіру, әсіресе жас ұрпақтың санасына сіңіру – баршамызға ортақ міндет.

– Ой бөліскеніңізге рақмет!

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ

ТАТУЛЫҚ – ТАБЫЛМАС БАҚЫТ

Қазақстанның тұрақтылығы туралы сөз болғанда ең алдымен қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулық аталады. Бұл – тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан мемлекеттің басты жетістіктерінің бірі. Алайда бүгінгі таңда бұл ұғымды тек бейбіт өмір сүрумен ғана өлшеу жеткіліксіз. Геосаяси тұрақсыздық, цифрлық кеңістіктегі ақпараттық төкетірес, қоғамдық сананың өзгеруі ұлтаралық келісімге де жаңа мазмұн жүктеп отыр.

Ең бастысы – қоғамдық келісім бүгінде саяси ұран емес, құқықтық мемлекеттің өміршеңдігін айқындайтын маңызды институтқа айналды. Қазақстан Конституциясы әр азаматтың заң алдындағы теңдігін, ар-ождан бостандығын, тілдік және мәдени құқықтарын кепілдендіреді. Демек, ұлтаралық келісімнің іргесі алдымен құқықтық теңдікке каланған.

Қазақстанның қоғамдық келісім моделінің өміршеңдігін елдің этникалық және конфессиялық әралуандығы да дәлелдейді. Елімізде 130-дан астам этнос өмір сүреді, 17 конфессия қызмет етеді, 3 800-ге жуық діни бірлестік тіркелген. Осындай әралуандық жағдайында тұрақтылықты сақтау құқықтық мемлекеттің, азаматтық жауапкершіліктің және өзара құрметтің нәтижесі болып отыр.

Сарапшылардың айтуынша, қазіргі кезеңде қоғамдық келісімнің мәні бұрынғыдан әлдеқайда кең. Егер кеше біз көбіне этностар арасындағы татулық туралы айтсақ, бүгінде мәселе азаматтық бірегейлікке келіп тіреледі. Қазақстанның әрбір азаматы өзін ортақ тағдырдың иесі ретінде сезінуі қажет. Ортақ жауапкершілік – қоғамдық келісімнің жаңа мазмұны.

Бұл ой Мемлекет басшысы жүргізіп отырған реформалардың логикасымен де сабақтас. Соңғы жылдары Президент қоғамдық келісімді заң үстемдігімен, әділеттілікпен және азамат-

тық жауапкершілікпен қатар қарастырып келеді. Өйткені қоғамның тұтастығы әлеуметтік әділеттіліксіз, мемлекеттік институттарға деген сенімсіз және заңның бәріне бірдей қолданылмай орнықты болмайды.

Бүгінде ұлтаралық келісімге төнетін қауіп бұрынғыдай тек тұрмыстық деңгейдегі жанжалдармен шектелмейді. Ақпараттық кеңістіктегі жалған мәліметтер, өшпенділік тілін насихаттайтын материалдар, сырттан бағытталған арандатушылық әрекеттер қоғамдық тұрақтылыққа әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайда құқықтық

мәдениет пен медиасауаттылық қатар жүруі тиіс. Ақпараттық қауіпсіздік тек техникалық мәселе емес. Ол – азаматтың жауапкершілігі. Әр адам таратқан ақпараты үшін жауап беретінін түсінген кезде ғана қоғамның ішкі иммунитеті күшейеді. Бұл – құқықтық мәдениеттің де көрінісі.

Тағы бір маңызды мәселе – жастардың азаматтық санасын қалыптастыру. Сарапшылардың айтуынша, жастарға толеранттылықты ғана емес, Конституцияға құрметті, заңға адалдықты және ортақ ұлттық мүддені түсіндіру маңызды. Этностық әралуандық – біздің ерекшелігіміз. Бірақ бәрімізді біріктіретін ортақ құндылық – Қазақстан Республикасының азаматы деген мәртебе. Осы ұғым санамызда берік орныққанда ғана қоғамдық келісім ұзақ мерзімді сипат алады. Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, қоғамның ішкі тұтастығы әлсіреген мемлекеттердің сыртқы сын-қатерлерге төтеп беруі де қиындай түседі. Сондықтан қоғамдық келісім – тек әлеуметтік саясаттың бағыты емес, мемлекеттілікті нығайтудың негізгі шарттарының бірі.

Қазақстанның таңдаған жолы – құқық арқылы бірлікті нығайту, әр азаматтың қадір-қасиетін қорғау және этностық әралуандықты ортақ құндылыққа айналдыру. Бұл қағидаттар өзгермеуі тиіс. Өйткені тұрақтылық кездейсоқ қалыптаспайды. Ол әділетті заңның, жауапты мемлекеттік саясаттың және азаматтардың өзара құрметінің нәтижесінде орнығады.

Сондықтан ұлтаралық келісім туралы әңгімені өткеннің жетістігі ретінде ғана емес, болашаққа арналған міндет ретінде қарастырған жөн. Құқықтық мемлекет пен әділетті қоғам құру жолында бірлік – ең сенімді тірек, ал заң – сол бірліктің берік кепілі.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»



ЗАМАНДАС

Судья Алтайбек Әнуарбекұлы туралы бұдан ширек ғасыр бұрын қалам тартып, «Ар-ақиқат үкімі» атты очерк-эссе жазғаным есімде. Бүгіндері жетпіс бес жасқа толып отырған Алтекең өзі жайында жазған естелігін ұсынды. «Өмір өткелдерін» оқып шығып, қаламының қарымына, тілінің жатықтығына тәнті болдым. Абай айтқан өбден кемелденген «толық адаммен», ақсақалдыққа аяқ артқан ақылман ағамызбен қайта жолықтым. Жылыстаған жылдар мен өрнекті өмір жолдары өз иіріміне тарта берді.

АСЫЛ АДАМ АЙНЫМАС



Сәбит Мұқановтан бата алған

«Жүзіне жылылық үйірілген, жасандылықтан ада риясыз күлкісінен мейірім шуағы төгілген, дауыс ырғағының өзінен сұлулық есіп тұратын болмысы бекзат осы бір жігіт ағасын көргенде халқының сүйіктісіне айналып кеткен, аққан жұлдыздай жарқырап өткен актер Әнуар Молдабеков елестейтін. Бұл ұқсастықты мен ғана емес, сонау студенттік жылдары жора-жолдастары да талай айтқан екен. Бірақ, Алтайбектің бала кездегі арманы актер емес, журналист болу еді. Алдында толған мақсат, толған арман жылдары әділдіктің төрешісін журналистке балаған. Марқадағы Қалжыр орта мектебінде оқып жүргенде-ақ адал еңбек, маңдай терімен ел игілігін арттырып жүрген ауылдастары жайында жазған жылы очерктері мен суреттемелері аудандық «Шамшырақ», облыстық «Коммунизм туы» газет-

Аядай ауылында абыройлы азаматтар көп еді. Алтайбектің замандастары соларға қарап қатарын түзеп ержеткен. «Алтай арасына» ауылдың менмен, зәру заттарды «бармақ басты, көз қысты» жолмен тарататын сатушысын жазғаны да есінде. Алтайбектің жатып-атар фельетоны құдайдың құлағын ұстағандай боп жүрген саудагерді орнынан алғызғанда, әділеттіліктің бар екеніне ауылдастарының көзі алғаш рет жеткендей болған. Биыл ауылға барғанда ақ самайлы бір әжесі бұдан отыз бес жыл бұрынғы осы оқиғаны еске алыпты. Өтіп бара жатқан өмір-ай

десеңші, ол кезде осы әжесі сылаңдаған келіншек еді. Енді, міне, Алтайбектің өзі немерелі болып отыр.

Мектеп бітірген жылы Алматыдағы ҚазМУ-дың журналистика факультетіне құжат тапсырған Алтайбектің жолы болмады. Бүгіндері елге танымал Несіп Жүнісбай, марқұм Асқар Егеубай, Тұрсын Жұртбай сынды журналист-жазушылармен, ғалымдармен бір бөлмеде жатып, емтиханға дайындалып еді. Арманы асқақ замандастарымен бірге тәтті қиялдарға берілген өткен күндерін сағынышпен еске алады. Солардың қатарында жүрсе, Алтайбек те қарымды қаламгерлердің бірі боларына ешкім шөк келтірмес еді. Содан бері де Алтекең қолынан кітабын да, қаламын да тастап көрген жоқ. Бірақ тек заңгер ретінде ой толғап, қалам тербейді. Айналып келгенде адам тағдырының басқа қырынан келіп жүр.

Тағдыр демекші, Алтайбек біртоға да бірбеткей мінезінің арқасында маңдайына жазылған өмір жолын бір арнаға салып алды. Өмірді көре жүріп, зерттеуге тырысты. Алматыдан оралған соң-ақ бәзбіреулердей күйректікке салынбай Борандағы кәсіптік-техникалық училищеге түсіп, жүргізуші мен тракторшы мамандығын алып шықты. Мұнысы әскер қатарында жүргенде кәдеге жарады. 1973 жылы С.М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университеті заң факультетінің

Жақында саябақта серуендеп жүрсем, орта жастан асқан бір азамат келіп амандасты. Танымай тұрғанымды айтып, кешірім өтіндім. Ол кісі: «Аға, одан бері отыз бес жылдан астам уақыт өтті ғой, танымай қалуыңыз заңды. Сіз Катонқарағай ауданында халық судьясы болып тұрғанда менің азаматтық ісімді қарап, әділ шешім шығарып беріп едіңіз», – деді. Мен ризашылығымды білдіріп, Қаратай еліне амандық тіледім», - деп еске алады Алтекең. Міне, кезінде басына іс түскен азаматтардың алғаулы алғысынан артық марапат бар ма?!

терінде жарияланып тұрды. Атақты шопан Бұйран Исанов жайлы «Алтай қыраны» атты жазған көлемді очеркін күні бүгінге дейін қайыра оқып қояды. Қарапайым еңбек адамының арман-мақсатын, қайсар қалпы мен мәрт мінезін боямасыз суреттеген кіршіксіз де адал бозбала шағын сағынады.

кешкі бөліміне оқуға түсіп, «ҚазМУ қалашығының» екпінді комсомолдық құрылысына білек сыбанып кірісіп кетті. Алғыр да табанды жас оқуда озат, еңбекте алда болды. Ол университетті тәмамдағанда ҚазМУ қалашығы да бой көтеріп қалған-ды». Міне, ол ел ағасы атанған шақта осылай ой өріппіз.

Алтайбектің майдангер әкесі Әнуарбек пен он баланы дүниеге әкелген шешесі Нұрбану ел-жұртына қадірлі, еңбекқор, қонақжай аяулы жандар еді. Өмір бойы қой баққан олар балаларының ой баққанын, тәлімді тәрбие, терең білім алғанын қалады. Ұл-қыздары да ата-ана аманатына адал, абыройлы азамат болды. Әсіресе, Алтайбек көп оқыды, көңіліне жаққан сөздерді қойын кітапшасына түртіп жүретін. Онысы, журналист болсам кәдеге жарар деген ой еді. Сөйтіп жүргенде жазушы Сәбит Мұқановпен кездесуі жадында әлі күнге дейін жаңғырып тұрады.

«Әлі есімде, 1963 жылдың жазында ауданға заңгер жазушы Сәбит Мұқанов бір топ қаламгермен бірге келді. Совхоз директоры Қалиолла Көшкіншінов бұл қонақтарды Абыз жайлауындағы біздің үйге алып келді. Жазушылармен бірге аудандық партия комитетінің хатшысы, совхоз директоры, партком және басқа да лауазымды тұлғалар болды. Мал сойылып, қонақтарды лайықты қарсы алғаннан кейін, дастарқан басында ән шырқалып, әдемі әзілдер айтылды. Соңынан қонақтар көтеріңкі көңіл-күймен атқа мініп, жайлауды аралауға кетті. Аттанар алдында Сәбит атамыз Ермек ағам мен маған ақ батасын берді. Осындай кездесулер, үлкен кісілердің ғибратты әңгімелері мен баталары маған үлкен әсер қалдырып, болашақ өміріме бағдаршам болғандай еді», – деп еске алады Алтекең.

Алтайбек әскери борышын Германияда өтеді. Ол кезде бұл зор мәртебе саналатын. Шетелде үлкен мектептен өтті, темірдей тәртіпке мойынсұнды. Қаламын қолынан тастаған жоқ. «Правда», «Известия», «Красное знамя» газеттерін үзбей оқып, орысша жазуға машықтанды. «Красное знамя» газетінің тұрақты қоғамдық тілшісіне айналды. Әскери басшылық оның мерзімі бітер тұста Ленинградтағы журналистер даярлайтын әскери училищеге жолдама да берген. Бауырларын сағынған Алтайбек елде білім алғанды жөн санады.

Ел алғысынан артық марапат жоқ

Жоғарыда айтқанымыздай, Алтайбек Әнуарбекұлы журналист емес, заңгер болды. Университет бітірген соң қырық жеті жыл заң саласында қызмет атқарды. Әуелі Ұлан аудандық прокуратурасында тергеуші, облыстық адвокаттар алқасының мүшесі, Таврия аудандық заң кеңсесінің меңгерушісі болды. Ал, сот жүйесінде жиырма сегіз жыл қызмет атқарды. Білімі мен білігінің, адалдығы мен әділдігінің арқасында Катонқарағай аудандық, Өскемен қаласы Октябрь аудандық, Риддер қалалық соттарына төрағалық етті. Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен абыроймен зейнетке шықты. Бұл – айтуға ғана оңай дерек. Әйтпесе, талай ұйқысыз-күлкісіз өткен күндер еске түседі. Қылмыс әлемін зерттеді, талай адасқан тағдырларға араша түсті, ар-ақиқат үкімін жасады. Жүйкесі тозды, самайын ақ қырау шалды, жүрегіне жүк түсті.

Жастайынан белсенді Алтекең осы саланың барлық мәселесіне араласты. Әуелі қылмыстық істердің соттарда мемлекеттік тілде қаралуына ден қойды. Бұл орайда қолдаушылармен қатар қарсыластар да көп болды. Бірақ, заман ағымына қарай жеңіске жетті. Жергілікті университетте болашақ заңгерлерге

дәріс те оқыды. Бас бостандығынан айыру жазасы және оны қолданудың ерекшеліктері мен машақатты мәселелеріне ғылыми тұжырымын жасады. Міне, мұның бәрі оңай шаруа емес. Еңбегі де ақталды. «Қазақстан Республикасы сот жүйесінің құрметті қызметкері», «Қазақстан Республикасының үздік судьясы» атанды, басқа да марапаттар жетіп артылады.

«...Асубұлақ кентіне аудандық соттың көшпелі отырысына келген болатынмын. Ол кезде мен Шығыс Қазақстан облыстық адвокаттар алқасында қорғаушы (адвокат) едім. Асхана жанында бір бейтаныс азамат қасыма келіп: «Ассалаумағалейкум!» деп амандасып, құшақтай алды. Көзіне жас алып: «Сіз мені танымадыңыз ба?» – деді. Мен қысылыңқырап: «Шырамытып тұрмын, Ұзынбұлақтан емессіз бе?» – дедім. Ол көз жасын сүртіп: «Иә, сіз менің ісім бойынша тергеу жүргізгенсіз. Сізге көп рақмет! Әділ тергеудің арқасында сот маған ең төменгі жаза тағайындады. Қазір мерзімінен бұрын шартты түрде босап, осында жұмыс істеп жүрмін», – деп алғысын жаудырды.

Осындай шын жүректен шыққан алғыстар мен көз жасына куә болған сәттер өмірімде жиі кездесті. Кеңес өкіметі тұсында бірнеше лауазымды тұлғалардың, соның ішінде совхоз директорларының, ет комбинаты басшысының, бас мамандардың заңды мүдделерін қорғадым. Олардың ішінде ақталып шыққандары да, жеңіл жазамен құтылғандары да болды.

Жақында саябақта серуендеп жүрсем, орта жастан асқан бір азамат келіп амандасты. Танымай тұрғанымды айтып, кешірім өтіндім. Ол кісі: «Аға, одан бері отыз бес жылдан астам уақыт өтті ғой, танымай қалуыңыз заңды. Сіз Катонқарағай ауданында халық судьясы болып тұрғанда менің азаматтық ісімді қарап, әділ шешім шығарып беріп едіңіз, – деді. Мен ризашылығымды білдіріп, Қаратай еліне амандық тіледім», – деп еске алады Алтекең. Міне, кезінде басына іс түскен азаматтардың алғаулы алғысынан артық марапат бар ма?!

Өнеге

Алтекең қол қусырып қарап отыру дегенді білмейді. Облыстық соттағы соттармен іс-қимыл жөніндегі кеңестің, облыстық адвокаттар алқасы тәртіптік комиссиясының мүшесі ретіндегі жұмысы да жетерлік. Жұырда облыстық ақсақалдар кеңесінің мүшесі болып сайланды. Абыздыққа аяқ басқан, өмірден көргені мен түйгені мол, жаны жайсаң жанның қоғамға пайдасы мол екені әмбеге аян. Спорт пен өнерден де құр алақан емес.

Бозбала шағында журналист болуды ойлаған Алтайбек Әнуарбекұлының арманын немересі Айсұлу жалғастырды. Үмітін ақтап, қазір Астанада баспасөз саласында жемісті қызмет атқарып жүр. Алтекеңе қолқа салып, қаламын қайтадан қолына алғызып, «Өмір өткелдерін» жазғызған да осы немересі. Қазіргі қоғам мен қауым осындай өнегелі өмірден үлгі алып жатса, қандай ғанибет!..

Уәлихан ТОҚПАТАЕВ,
Қазақстанның
құрметті журналисі

БІЛГЕН ЖӨН

ЭЛЕКТРОНДЫҚ НОТАРИАТ: ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ОНЛАЙН АЛУҒА БОЛАДЫ?

Қазақстанда электрондық мемлекеттік қызметтердің дамуы азаматтардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын едәуір жеңілдетті. Бұрын нотариаттық қызметтерді алу үшін нотариус кеңсесіне жеке барып, кезекте тұрып, уақыт жұмсау қажет болса, бүгінде бірқатар әрекеттерді бірнеше минут ішінде онлайн орындауға болады.

2021 жылдан бастап елімізде электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ), Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе (БНАЖ) және eGov.kz порталы негізінде электрондық нотариат белсенді түрде дамып келеді. Бұл ыңғай-

лы, қауіпсіз әрі жұмыс кестесі тығыз, нотариаттық кеңседен алыс тұратын немесе қозғалыс мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін өте өзекті.

Қандай нотариаттық қызметтер онлайн қолжетімді?

Қазіргі уақытта Қазақстан азаматтары үйден шықпай-ақ бірқатар нотариаттық қызметтерді қашықтан ала алады. Олардың қатарында: электрондық сенімхат рәсімдеу; бұрын берілген сенімхатты кері қайтарып алу; сенімхаттардың және кейбір нотариаттық құжаттардың түпнұсқалығын тексеру; нотариаттық келісім рәсімдеу; некеде тұрмайтыны туралы өтініш беру; нотариусқа қабылдауға онлайн жазылу (кеңес алу); өзіне қатысты атқарушылық жазбалар туралы мәліметтер алу.



Аймина САРТОВА,
Алматы облысы
Әділет департаменті
құқықтық түсіндіру
жұмысы және заң көмегін
көрсету бөлімінің басшысы

Алайда жылжымайтын мүлікке қатысты мәмілелерді куәландыру, өсиет жасау, мұрагерлік рәсімдеу және неке шарттарын жасау сияқты маңызды

нотариаттық әрекеттер әлі де нотариустың қатысуымен жеке келуді талап ететінін ескерген жөн. Онлайн сенімхат рәсімдеу eGov.kz порталындағы «Электрондық нысанда сенімхат рәсімдеу» қызметін таңдау қажет. Өзіңіздің деректеріңізді толтырып, сенімхаттың түрі мен мерзімін көрсеткеннен кейін қызметке электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қоясыз. Осылайша, әрбір азамат қызметті санаулы минут ішінде ала алады. Дайын сенімхат автоматты түрде қалыптастырылады және нотариус арқылы рәсімделген құжатпен бірдей заңды күшке ие болады.

Электрондық нотариаттық қызметтер өмірді жеңілдеткенімен, азаматтар қателіктерге, деректердің таралып кетуіне немесе құқықтық салдарға жол бермеу үшін ықтимал тәуекелдерді де білуі қажет. Электрондық нотариаттық қызметтерді

пайдалану кезінде нысандарды өз бетінше толтыру барысында деректерде қателіктер жіберілуі мүмкін. Мұндай қателіктер құжаттың жарамсыз болуына немесе үшінші тұлғалардың оны қабылдаудан бас тартуына әкелуі ықтимал. Сондай-ақ азамат өзінің ЭЦҚ-сын басқа адамға берген жағдайда алаяқтық қауіпі жоғары болады. Бұл мүлікті заңсыз сатуға, ақша қаражатын алуға, несие рәсімдеуге және басқа да құқыққа қайшы әрекеттерге себеп болуы мүмкін. Сондықтан тәуекелдерді азайту үшін азаматтар ЭЦҚ-ны ешкімге бермеуі және құжатқа қол қоймаса бұрын оның мазмұнын мұқият тексеруі қажет.

Онлайн сервистерді пайдаланбас бұрын олардың шектеулерін түсініп, құжаттарды толтыру кезінде мұқият болып, жеке деректердің қорғалуына жауапкершілікпен қарау маңызды.

ТАРАТУ

2. «TigerMotorsAlmaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 251140002439, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Бостандық көшесі, 18 үй. Тел.: +7 701 013 98 98.

3. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Целинный бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 960940000269, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Целинное ауылы.

4. «Иней» ЖШС, БСН 220740012896, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ж.Досмұхамедов көшесі, 57 ғимарат.

5. «Научно-консалтинговая компания «Агро-Нұр» ЖШС, БСН 081040009555, жабылуы туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарлама шыққаннан соң 2 ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Оңтүстік Қазақстан облысы, 160050, Шымкент қаласы, Абай ауданы, 4-шағын аудан, 48-үй, 3-пәтер.

12. «Сана» ЖШС, БСН 971240002620, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 53 үй, 5 кеңсе. Тел.: +7 701 628 42 42.

13. «Естай ата» қоғамдық қоры, БСН 221040045641, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Шаян а/о, Шаян ауылы, С.Қадырбаев көшесі, 48 ғимарат. Тел.: +7 707 577 97 08.

16. «Сэвен Калор Инвсйд» ЖШС, БСН 140740012768 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алмас шағынауданы, 249-үй. Тел.: +77072012520.

17. «ОТАН 2020» ЖШС, БСН 170340020810, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Петров көшесі, 21-үй. Тел.: 87014496850.

23. Санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық жүйесінде дезинфекция, дезинсекция және дератизация іс-шараларын ұйымдастырудың заманауи тәсілдері

Дезинфекция, дезинсекция және дератизация (ДДД) іс-шаралары халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл іс-шаралар инфекциялық және паразиттік аурулардың пайда болуы мен таралуының алдын алуға, инфекция қоздырғыштарын тасымалдаушылардың санын азайтуға, сондай-ақ әртүрлі функционалдық мақсаттағы объектілерді қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған. Мақалада ДДД іс-шараларын ұйымдастырудың заманауи қағидаттары, өңдеу технологияларын таңдау критерийлері, өндірістік бақылаудың ерекшеліктері және объектілердің тұрақты санитариялық жағдайын қамтамасыз етудегі профилактикалық бағыттың маңызы қарастырылған.

Түйінді сөздер: дезинфекция, дезинсекция, дератизация, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық, инфекциялардың профилактикасы, өндірістік бақылау, зиянкестермен күрестің интеграцияланған жүйесі.

Урбанизацияның қарқынды дамуы, көлік инфрақұрылымының кеңеюі, халықаралық сауда айналымының жаһандануы және климаттық жағдайлардың өзгеруі инфекциялық аурулар қоздырғыштарын тасымалдаушылардың, сондай-ақ санитариялық маңызы бар буынаяқтылар мен кеміргіштердің эпидемиологиялық маңызын сақтап отыр. Осындай жағдайда кәсіби дезинфекциялық қызметтің инфекциялық аурулардың алдын алудың мемлекеттік жүйесіндегі негізгі буындардың бірі ретіндегі рөлі арта түсуде.

ДДД іс-шараларының заманауи тұжырымдамасы ауру қоздырғыштары мен оларды тасымалдаушыларды жоюмен ғана шектелмейді. Ол объектілердің санитариялық жағдайын кешенді бағалауға, эпидемиологиялық ахуалды тұрақты мониторингтеуге және ғылыми негізделген технологияларды қолдану арқылы қауіп факторларының туындауының алдын алуға негізделген.

Дезинфекция – инфекциялық аурулардың профилактикасының негізі. Дезинфекция – қоршаған орта объектілеріндегі патогенді және шартты-патогенді микроорганизмдерді жоюға бағытталған ұйымдастырушылық, санитариялық-гигиеналық және технологиялық іс-шаралар кешені.

Эпидемиологиялық міндеттеріне қарай дезинфекция:

- профилактикалық;
- ағымдағы;
- қорытынды дезинфекция болып бөлінеді.

Олардың әрқайсысының жүргізілу көрсеткіштері мен санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларының көлемі әртүрлі болады.

Дезинфекциялау құралдарын таңдау кезінде мынадай факторлар ескеріледі:

- микробтарға қарсы әсер ету спектрі;

18. «Кендала ауылы, бағбандық серіктестік «Медик», үй 97, БСН 210740035060, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Кендала ауылы, с/т Медик, 97.

19. «Тараз-Сигнал-Сервис» ЖШС, БСН 040440000635 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 170А. Тел.: 87262434237, 87011916918.

МҰРАГЕРЛІК

6. 25.01.2026 ж. қайтыс болған Муханова Мырзақұлдің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көш., 5 ғим. Тел.: 8 702 233 44 99.

7. 03.02.2026 ж. қайтыс болған Рүстемов Бекайдардың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көш., 5 ғим. Тел.: 8 702 233 44 99.

8. 2026 жылы 5 ақпанда қайтыс болған Шерекен Рүстем Тиышбайұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С. Суйеубаеваға хабарласуы қажет. Тел.: 8 778 000 27 27.

10. 2018 жылдың 25 қыркүйегінде Байкенжеева Асияның қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік ісі ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер төмендегі мекенжай бойынша нотариус У.А. Шукемановаға хабарлассын: Қызылорда обл., Сырдария ауд., Теренөзек кенті, Қонаев көш., 12А үй., Тел.: 8 747 171 07 77.

11. 06.02.2026 ж. қайтыс болған Калдыбаева Ботагөз Тілеубайқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көш., 5 ғим. Тел.: 8 702 233 44 99.

- экспозиция уақыты;
- микроорганизмдердің төзімділігі;
- өңделетін беттердің ерекшеліктері;
- қызметкерлер мен қоршаған орта үшін қауіпсіздігі;
- объектінің технологиялық процестерімен үйлесімділігі.

Мемлекеттік сынақтармен дәлелденген бактерицидтік, вирулицидтік, фунгицидтік және туберкулоцидтік белсенділігі бар кең спектрлі препараттарды қолданудың маңызы ерекше.

Дезинсекцияның заманауи технологиялары

Дезинсекциялық іс-шаралар санитариялық-эпидемиологиялық немесе экономикалық маңызы бар буынаяқтылардың санын азайтуға немесе толық жоюға бағытталған.

Дезинсекция объектілерінің ең көп таралған түрлері:

- тарақандар;
- төсек қандалалары;
- масалар;
- шыбындар;
- құмырскалар;
- бүргелер;
- кенелер;
- синантропты жәндіктердің басқа түрлері.

Зиянкестермен күрестің қазіргі бағдарламалары зиянкестер популяциясын интеграцияланған басқару (Integrated Pest Management, IPM) қағидаттарына негізделген. Бұл тәсіл санитариялық-профилактикалық іс-шараларды, тұрақты мониторингті, инженерлік шешімдерді және инсектицидтерді ұтымды қолдануды үйлестіреді.

Практикада мынадай технологиялар қолданылады:

- микрокапсулаланған инсектицидтік препараттар;
- гель тәрізді азықтық жемдер;
- суық және ыстық тұман технологиялары;
- тосқауылдық өңдеу әдістері;
- жәндіктердің өсуін реттегіштер;
- популяция санын шектеудің физикалық әдістері.

Аталған технологияларды пайдалану химиялық жүктемені төмендете отырып, қорғаныш әсерінің ұзақтығын едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Эпидемиологиялық бақылау жүйесіндегі дератизация

Кеміргіштер табиғи және антропоургиялық инфекция ошақтарының сақталуында маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар олар тамақ өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, қойма кешендері және коммуналдық шаруашылық объектілеріне елеулі экономикалық зиян келтіреді.

Тиімді дератизация жүргізу үшін алдымен объектіге тексеру жүргізіліп, кеміргіштердің таралу деңгейі, олардың қошу жолдары мен мекендеу орындары анықталады.

Раушан Қасымқұлова

ӘРТҮРЛІ

14. «Everest Ломбард» ЖШС, БСН 180740032820, өзінің заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды.

Бұрынғы заңды мекенжайы: Қазақстан, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 32Б ықшамауданы, 4 үй, 46 пәтер.

Жаңа заңды мекенжайы: Қазақстан, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, АҚХ Ленинский шаруа қожалығы, 1066/40 үй.

15. «ХПП КРАСИВОЕ» ЖШС-нің, БСН 120240016057, Қазақстан, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Красивое ауылының мөртабанында «Нұр-Султан» деп жазылған мөрі жарамсыз деп танылсын.

20. «Welding Solutions» ЖШС, БСН 091040017934, «Fin Weld Azia» ЖШС-не, БСН 091040018060, қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Кредиторлардың талап-шағымдары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Ардагер шағын-ауданы, №2 өткел, 34-үй. Тел.: +7 701 068 87 87.

21. «Fin Weld Azia» ЖШС, БСН 091040018060, «Welding Solutions» ЖШС-нің, БСН 091040017934, «Fin Weld Azia» ЖШС-не, БСН 091040018060 қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Кредиторлардың талап-шағымдары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Ардагер шағынауданы, №2 өткел, 34-үй. Тел.: +7 701 068 87 85.

22. Standard Инвестициялық Компаниясы» АҚ Басқарушы компаниясы «Standard - еурооблигациялар» ИАПҚ (ISIN kzpf00000843) пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарлайды. Өтінімдерді қабылдау ИАПҚ ережесіне сай №4 қосымшаның 9.1-тармағына сәйкес, 10.07.2026 9:00 -19.07.2026 18:00 Астана қаласының уақытымен жалғасады.

ЖОҒАЛТУ

9. «Central Asia Airways» ЖШС-нің, БСН 250940004653, Алматы қаласы, жоғалған дөңгелек мөрі 2026 жылғы 9 шілдеден бастап жарамсыз деп танылсын.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуарыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

Е-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолықын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтішова көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ

ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ БЕСІГІ

Алматы облысы Райымбек ауданының құрылғанына биыл 90 жыл толып отыр. Аспан таудың бауырындағы бұл өлке сонау ежелгі Сақ пен Үйсін мемлекеттері кезеңінен бері қазақ халқының құрамдас бөлігі болып келе жатқан жер. Биыл сондай-ақ, өз шығармашылығы арқылы туып-өскен Қарасаз ауылы мен Нарынқол өңірінің атын әлемге әйгілі еткен осы өңірдің тумасы, ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына да 95 жыл.

Мұқағали жырлары
ұлтымыздың
сарқылмас асыл
қазынасы

Сол себепті жерлестері бұл екі да-таны бір-бірінен бөліп-жармай, бірге атап өтуде. Бұл туралы облыс әкімі Ма-рат Сұлтанғазиев өз құттықтауында: «Құт конған, ырыс ұялаған Нарынқол өңірі – халқымыздың рухани мұрасы мен тарихи жадының ажырамас бөлігі. Ұлттық рухтың бесігіне айналған осы топырақтан қазақ мәдениеті мен әде-биетінің талай бірегей тұлғалары түлеп

табады. Мәселен, 9 шілде күні Қара-саз ауылындағы Е.Ібітанов атындағы аудандық мәдениет үйінде «Құлмам-беттің құлынын құндақтаған өлке» де-ген атпен Оразалы Досбосыновты еске алуға арналған екінші республикалық жас ақындар айтысын ұйымдастырған. 10 шілдеде Нарынқол ауылындағы Б.Мұқай атындағы аудандық мәдениет үйінде «Тарландар туған топырақ» атты ғылыми-тәжірибелік конференция бол-ды. Онда «Аспантауым – Атамекенім» тарихи-танымдық кітабының танысты-рылымы жасалды.

Сонымен қатар, Ш.Уәлиханов атын-

кітапхана мен «Хантәңірі» аудандық газетінің 90 жылдығына арналған жур-налистер форумы да ұйымдастырыл-ды. Нарынқол ауылында облыс өнер-паздары мен еліміздің танымал эстрада жұлдыздарының қатысуымен мерекелік Гала-концерт өткенін де айта кету ке-рек. Кеш қонақтары арасында Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармо-ниясы, «Алатау әуендері» концерттік ұжымы және эстрада жұлдыздары Ер-кеш Хасен, Әбдіжаппар Әлқожа, Нұр-сұлтан Нұрбердиев, Баян Сұлу болды.

Хантәңірі
қазынасы

Шілденің 11-інде Шөлкөде жайла-уында «Хантәңірі қазынасы» Халықара-лық фестивалі» болды. Оған республи-каның түкпір-түкпірінен және әлемнің оннан астам елінен арнайы келген 25 мың адам жиналды. Жазғы маусымда Алматы облысының Ұйғыр және Рай-ымбек ауданындағы төрт түліктің ба-сын қосатын малшылардың бұл қонысы өзінің сән-салтанатымен тойға келген және оны әлеуметтік желілерден тама-шалаған миллиондаған халықтың көз-айымына айналды.

Фестиваль ата-баба дәстүрімен «Ошақ дәмі» ұлттық тағамдардан дәм тату, ақтан ауыз тию жоралғысынан басталды. Қонақтар одан кейін өңірдің құнарлы топырағында өндірілген, бе-реке мен ырыстың белгісі болған ауыл шаруашылығы өнімдері көрмесін та-машалады. «Агро-туризм аймағында» құрттан жасалған «90» сандық және картоптан жасалған Қазақстанның кар-та-инсталляциясы; саятшылық көрініс-тері; қылқалам шеберлерінің плэ-нері; жүн сабау, ұршық иіру, текемет басу және диірмен тарту сияқты көне салт-дәстүрлер көріністері көрсетіл-ді. Ресей, Қытай, Түркия, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Грузия, Бела-русь мемлеттерінен келген қолөнер ше-берлерінің көрме-жәрменкесі; жайлау төріндегі амфитеардағы этностильдегі ұлттық киімдердің сән көрсетілімі; ұлт-тық спорт ойындары ешкімді де бей-жай қалдырмады.

Фестивальдің ресми ашылуында ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы жолдаған құттықтау хатын оқып берді. «Райымбек – тарихи терең, ынтымағы жарасқан берекелі өңір. Осы өңегелі өлкеден көптеген тұғырлы тұлғалар шығып, ұлт мүддесі үшін қал-тыссыз қызмет етті. Бердібек Соқпақ-баев, Мұқағали Мақатаев және өзге де көрнекті қаламгерлер шоқтығы биік шығармалар жазып, өскелең ұрпақтың бойына отаншылдық, білімпаздық, ең-



бекқорлық қасиеттерін сіңірді. Қазір ау-дан халқы ауыл шаруашылығы, туризм және басқа да салаларда қажырлы еңбек етіп, туған жерін көркейтуге атсалысып келеді. Сондай-ақ олар ел тағдырына әсер ететін бастамаларды үнемі қолдап, ұйымшылдықтың озық үлгісін танытып жүр. Аудан тұрғындарының жалпыха-лықтық референдумға белсене қатысып, Жаңа Конституцияны қолдауы – соның айқын дәлелі. Осы орайда, аймақты да-мытуға зор үлес қосқан азаматтардың бөріне шынайы ризашылығымды біл-діремін. Сіздер алдағы уақытта да ел игілігі үшін еңбек ете бересіздер деп се-немін», – делінген бұл хатта.

Жүйіріктен жүйірік
өзар жарысқанда

Фестивальдегі көш пен батырлар шайқасы, Б.Соқпақбаев пен М.Мақа-таев шығармалары бойынша қойылған сахналық қойылымдар мен өнер ше-берлерінің концерті күні бойы жалға-сты. Осыған қарамастан алыптардың айқасы, балуандар күресі мен ат жа-



рысы ойындарына жиналған жұртта да есеп болмады. Көрерменнің қоше-меті мен қиқуынан күш алған балуан-дар арасында қазақ күресі жарысында Қызылорда облысынан келген Еламан Ергалиев ақтық сында Алматы облысы атынан қатысқан Өріс Адибанды жеңіп, Түйе палуан атанды. Бұл сайыста үздік үштікті Қостанай облысынан келген Нұрсұлтан Қаבלанның түйіндеуі қатысушылардың деңгейін көрсетті. Қа-

тысушылар арасында республиканың барлық аймағынан және шет елдерден келген үміткерлердің де аз болмағанын ат жарысы ойындарынан аңғару қиын болмады. Атап айтқанда, құнан бәйге-де 1-орынды Жамбыл облысы Қордай ауданынан келген Дүйсеғұл әулетінің «Қызғалдақ», 2-орынды Алматы облы-сы Жамбыл ауданынан жеткен Арыстан Кудебаевтың «Бак», 3-орынды Қырғыз-станнан келген Ислам Илиязовтың «Зайтун», 4-орынды Қарасай ауданынан келген Қанат Нұркелдінің «Ақбақай», 5-орынды қордайлық Әлихан Кенестің «Ариба» атты жүйріктері иеленді.

Топ бәйгеде 1-орынды Қарасай ау-данынан Нұрсейіт Жылқышыбайдың «Желсұлы», 2-орынды Манғыстау об-лысынан Мирас Саиновтың «Бірханы-мы», 3-орынды Жамбыл ауданынан Айдос Кәрібаевтың «Көзайымы», 4-орынды Абай облысынан Әлтаир Қымбаттың «Қаракөзі» еншіледі. Ал Аламан бәйгеде 1-орынды Қордай ау-данынан Мураханбай Мақсаттың «Бо-тағөз», 2-орынды Жетісу облысы Кер-



ұшты. Қазақ поэзиясының Хантәңірі Мұқағали Мақатаевтың жырлары ұл-тымыздың сарқылмас асыл қазынасы. Сол ұлылықтың ізін ала, сөз өнерінің туын жықпай ілгері сүйреген сыншы Сағатхан Әшімбаев пен жазушы-драма-тург Баққожа Мұқай да осы топырақтан перзенттері. Ал айтыс өнерінің айту-лы өкілдері Еркін Ібітанов пен Оразалы Досбосынов қазақтың сөз құдіретін асқартатып, төл өнеріміздің мерейін үстем етті. Мұнымен қоса, бұл құтты мекен ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткен, ел басқарған саяси және қоғам қайраткерлерін де дүниеге әкелді. Осындай тау тұлғаларды қалыптастыр-ған Райымбек ауданы – ел руханияты-ның алтын арқауы болып қала береді», – дегенді айтты.

Ал аудан әкімі Дастан Құдабаевтың сөзіне қарағанда, Райымбек ауданының 90 жылдығында өңірде 90 шара жоспар-ланған. Олар жыл бойы өз жалғасын

дағы Тарих және этнология институ-тының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Рашид Ора-зов «Райымбек ауданының тарихы ар-хив құжаттарында», әл-Фараби атын-дағы ҚазҰУ профессорлары Тәттігүл Қартаева «Райымбек ауданының тарихи энографиясы», Меңдігүл Ноғайбаева «Аспантау аймағы жылнамасы сипа-тындағы салыстырмалы сабақтастық: бұрынғы және бүгінгі тарих кезеңдері», Анарбай Бұлдыбай «М.Мақатаевтың «Райымбек! Райымбек!» поэмасын-дағы тарихи тұлғалар мен туған жердің төлтума табиғаты», Түркия ұлттық қа-уіпсіздік академиясының қызметкері, әскери ғалым Үміт Шахин «Қазақтың батырлық дәстүріндегі ұлттық кодтың көрінісі: Райымбек Түкеұлы және жады-ның жанғыруы» тақырыбында толымды баяндамалар жасады.

Бұл жерде бұдан бөлек «Руханият салтанат құрған 90 жыл» атты аудандық

ОТАНДЫҚ КӘСІП

Ауыл тұрғындарының табысын арт-тыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көріп жатқан азаматтар саны жылдан жылға ұлғайып келе жатыр. Мәселен, Алматы облысын-дағы ең шалғайда орналасқан Райымбек ауданының тұрғындары бұрын таулы жер-де орналасуына байланысты қызанақ пен қиярды ғана өмес, құлпынайды да сырт-тан тасымалдайтын. Енді бұл мәселе өз шешімін табада.

«Жылыжай кәсібін 2022 жылы үй жанындағы жеке ауламда 40 шаршы метрден бастадым. Содан кейін «Бизнес бастау» жобасы бойынша кәсіп-керлік негіздерін оқып, 2023 жылы мемлекеттің жаңа бизнес идеяларын іске асыруға берілетін 400 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі қайтарымсыз грантына ие болдым. Жеріміздің аумағы 17 сотық. Қазір мұндағы жылыжай аумағы 220 шаршы метр-ге жетті. Оған 400 АЕК көлеміндегі қайтарымсыз мемлекеттік грант қаржысы мен жеке қаржымызды қосқанда 5 млн теңге жұмсалды. Мұнда таңқұрай, құлпынай, қызанақ, қияр егілді. Биыл 3-4 тонна



қызанақ, 3-4 тонна қияр аламыз деген жоспар бар. Алдағы уақытта жылыжай аумағын тағы үлкейтіп, жылыжайды жыл бойы қолдансам деп жоспарлап отырмын», – дейді Нарынқол ауылының тұрғыны Канат Шелекбаев.

ТАУДЫҢ ТАЗА ӨНІМІНЕ
СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Канат Тілепалдыұлының ай-туынша, мұнда өндірілген өнім нарықтан төмен бағада ауыл-ай-мақ пен жергілікті дүкендерге, ба-зарларға өткізіледі. Органикалық таза өнім болғандықтан сұраныс жоғары. Мұндағы тамшылатып суғару жүйесінің, жылыту жүй-есінің бәрін өзі интернеттен көріп, түсінбеген жерін білетіндермен ақылдасып, қажет болған жағдайда кейбірінің шаруашылығын арнайы барып көрген.

– Қазір мұнда құлпынайдың «Алегро» және «Мурано» деген сорт-тары бар. Екеуі де тәжірибеден өткен сорттар. Біздің ауданның ауа райы

Калифорнияның табиғатына сәйкес келеді. Таулы аймақ болғаннан кейін күз кездерінде құлпынай жинау рекордтық деңгейде болады. Әзірге бұл ауылда менен басқа ешкім құлпынай егумен айна-

лысып жатқан жоқ. Тек Жамбыл деген ауылдағы інім 50 сотық жерде құлпынай өсіреді. Ол 5 сотық жердегі парниктің жылыжайында қияр да егеді. Құлпынайдан біз қазір аудан бойынша біріншіміз. Болашақта тәжірибеміз өзгелерге үлгі болып жатса қанеки, – дейді кәсібімен өз отбасының ғана емес бүкіл ауыл-аймақтың сұранысын қамтамасыз етіп отырған ауыл тұрғыны.

Өз ісінің құпиясын бөліскен кәсіпкердің сөзіне қарағанда, тамшылатып суғарудың артықшылығы уақыт пен су үнемдейді. Тынайтқыштар әр көкөніске бірдей барады. Мұнда бәрі өз уақы-тымен және есебімен беріледі. Бұл істің жөн-жо-сығын үйрену қиын шаруа емес. Егер ауылдың әр тұрғыны өз үйінің ауласын тиімді пайдаланатын болса, негізгі кәсібінен қол үзбей-ақ, жұмыстан тыс уақытын үнемдеу арқылы қосалқы шаруашылық жүргізіп, тұрмысын түзеуіне қазір мүмкіндік мол. Оған тек ниет керек. Қалғаны өз ретімен шешілетін дүние.

Әсем САТҚЫНОВА

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6410 дана
Апталық таралым 12820 дана

Тапсырыс № 98 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпо-рация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31